

Жұмыс тобын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 6 наурыз N 104 . Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 1997.09.16. N 308 өкімімен.

"Қазақстан Республикасының атом энергетикасын дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 18 қазандағы N 1344 қаулысын жүзеге асыру мақсатында :

1. Қазақстан Республикасының аумағында АЭС салу мәселелері жөнінде мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Школьник В.С. - Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрі

Айманов А.К. - ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының орынбасары

Жантикин Т.М. - Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Атом энергетикасы жөніндегі агенттіктің бас директоры

Клякин В.В. - Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрінің орынбасары

Руденко Ю.С. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің департамент бастығы

Черепнин Ю.С. - Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығының бас директоры

Шеманский В.А. - "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясының бірінші вице - президенті

2. Жұмыс тобы 10 күн мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында АЭС салу туралы келісімнің жобасын және қаржыландыру схемасын белгіленген тәртіппен ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі мен Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің Оңтүстік Қазақстан МАЭС -1 алаңында атом электр станциясын және Лениногор қаласында шағын қуатты

атом электр станциясын салудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу туралы ұсынысы қабылдансын.

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне 3500 мың АҚШ доллары көлеміндегі осы жұмыстарды 1995 жылғы 20 қаңтардағы Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы Үкіметтерінің арасындағы Ядролық оқ-дәрілерді кәдеге жарату жөніндегі өзара есеп-айырысу туралы келісімге және 1995 жылғы 23 қарашадағы кәдеге жаратылатын ядролық оқ-дәрілер үшін өзара есеп айырысудың мерзімі мен тәртібі туралы хаттамаға сәйкес құрылатын қаражат есебінен қаржыландыруға рұқсат етілсін.

4. Жұмыс тобы АЭС-ті салудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне тоқсан сайын ақпарат беріп отырсын.

Премьер-Министр